

Баспасөз хабарламасы*Астана қ., 10 қыркүйек 2026 жыл***«ҚазТрансОйл» АҚ «Өзен – Атырау – Самара» мұнай құбыры арқылы мұнай тасымалдау тиімділігін арттырды**

«Өзен – Атырау – Самара» мұнай құбыры – Қазақстанның батыс өңіріндегі кен орындарынан өндірілетін мұнайды еліміздің мұнай өңдеу зауыттарына, сондай-ақ сондай-ақ экспорттық бағыттар бойынша тасымалдап, әрі қарай әлемдік нарықтарға шығаруды қамтамасыз етеді.

«Өзен – Атырау – Самара» мұнай құбыры – Қазақстанның негізгі магистральдық мұнай құбырларының бірі. Ол еліміздің батыс өңіріндегі кен орындарынан өндірілетін мұнайды отандық мұнай өңдеу зауыттарына, етеді.

Траншекаралық магистральдық мұнай құбыры 1978 жылы пайдалануға берілді. Оның Қазақстан аумағындағы учаскесінің ұзындығы 1 238 км. Құбыр Маңғыстау облысындағы «Өзен» бас сорғы станциясынан Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының мемлекеттік шекарасындағы мұнайды қабылдау-тапсыру пунктіне дейін созылып жатыр.

Мұнай құбырының ерекшелігі – мұнайды «ыстық» айдау режимінде пайдаланылуы. Тасымалданатын мұнайды тұрақты түрде жылытып отыру қажеттілігі оның ерекше реологиялық қасиеттеріне байланысты. Атап айтқанда, Маңғышлақ мұнайы күкірт мөлшерінің төмендігімен ерекшеленгенімен, оның аққыштығын жоғалту температурасы жоғары және +30 °C-қа дейін жетеді. Ал Бозашы мұнайы тұтқырлығының жоғарылығымен және аққыштығын жоғалту температурасының –21 °C-қа дейін төмен болуымен сипатталады. Мұнай құбырының бүкіл ұзындығы бойынша қажетті температуралық режимді сақтау мұнайды сенімді әрі тұрақты тасымалдаудың маңызды шарты болып табылады.

2021–2026 жылдар аралығында «ҚазТрансОйл» АҚ келіп түсетін мұнайдың физикалық-химиялық және реологиялық қасиеттерін ескере отырып, «Жетібай – Өзен – Атырау» учаскесінде жүк жөнелтушілерден мұнай қабылдауды оңтайландыру бойынша кешенді жұмыс жүргізді. Іске асырылған тәсіл мұнай өңдеу үшін оңтайлы сипаттамалары бар мұнай қоспаларын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Бұл қоспалар Атырау мұнай өңдеу зауытына жеткізуге де, Самара бағыты бойынша экспорттық маршрутпен тасымалдауға да бейімделді.

Нәтижесінде Атырау мұнай өңдеу зауытына жеткізілетін мұнай қоспасының сапалық сипаттамалары жақсарды: 20 °C температурадағы тығыздығы 860-тан 850 кг/м³-ке дейін, ал күкірт мөлшері 0,6%-дан 0,2%-ға дейін төмендеді. Келіп түсетін шикізат сапасының жақсаруы мұнай өңдеу зауытының технологиялық жабдықтарының тұрақты жұмыс істеуіне, соның нәтижесінде өндірілетін мұнай өнімдерінің тауарлық сипаттамаларының жақсаруына ықпал етті.

Сонымен қатар «Атырау – Самара» экспорттық учаскесінде мұнай қоспасының аққыштығын жоғалту температурасы +20 °C-тан –3 °C-қа дейін төмендетілді. Бұл учаскенің пайдалану тұрақтылығын едәуір арттырды: аққыштығын жоғалту

температурасының төмендеуі мұнайдың тасымалдану қасиетін жоғалтпай, мұнай құбырын тоқтатуға болатын уақыт аралығын ұзартты. Нәтижесінде штаттан тыс жағдайлардың туындау және экспорттық бағыт бойынша тасымалды толық тоқтату тәуекелдері төмендеді.

Мұнай қоспасының құрамын оңтайландыру мұнайды жылыту үшін пайдаланылатын табиғи газ шығынын да едәуір қысқартуға мүмкіндік берді. 2022–2025 жылдары табиғи газды үнемдеу көлемі 34,573 млн м³ құрады, ал жиынтық қаржылық тиімділік 800 млн теңгеден асты.

Осылайша, «ҚазТрансОйл» АҚ іске асырған технологиялық шешімдер жеткізілетін шикізаттың сапасын арттыруға, оны тасымалдау жағдайларын оңтайландыруға, экспорттық маршруттың тұрақтылығын нығайтуға және энергетикалық әрі пайдалану шығындарын азайтуға мүмкіндік берді.

Жүргізілген жұмыс мұнай тасымалдау жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған кешенді тәсілді көрсетті. Бұл ретте қазақстандық мұнай жеткізілімдерінің сенімділігі қамтамасыз етіліп, сыртқы ортадағы өзгерістер жағдайында инфрақұрылымның икемділігі арттырылды.

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбырлары бойынша ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,2 мың км магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие, ұзындығы 5 мың км астам өзге ұйымдардың құбырларына қызмет көрсету бойынша операторлық қызметтер көрсетеді.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс
және ішкі коммуникациялар басқармасы**